

## **Т Ә Р Т І Б І Қазақстан Республикасы су айдындарының биокорларын әуесқойлық және спорттық мақсаттарға пайдалану**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының экология және боресурстар Министрлігінің бұйрығымен бекітілген 1994 жылғы 12 желтоқсандағы N 122. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 8 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 53. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

### **Жалпы ережелері**

1. Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, Республика көлемінде тұрғылықты тұратын немесе оған уақытша келген барлық адамдар балық питомниктерінен, тоғандық және басқа тауарлы балық шаруашылықтарынан басқа, барлық суларда аулау тәртібін сақтап, ақысын төлеп, жеке басының тұтынуы үшін балық, басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін әуесқойлық және спорттық мақсатта аулауға рұқсат етіледі.

2. Қолданылып жүрген әуесқойлық және спорттық балық аулау Ережелерінің орындалуын мемлекеттік бақылау, тәртіп бұзғандарды әкімшілік жауапкершілікке тарту және олардың үстінен көтерілген қылмыстық іс қозғалған материалдарды заң орындарына жолдау, сондай-ақ бұл мәселелер жөнінде құқық органдарында мемлекеттік мүдделерді қорғау балық органдары арқылы жүзеге асырылады.

3. Әуесқойлық және спорттық балық аулау біртұтас рұқсат беретін құжат "Балық аулау картасы" арқылы жүзеге асырылады. Барлық су қоймаларындағы биокорларды пайдаланғаны үшін ақысы төленгені туралы белгісі қойылған бұл құжат балық аулауға құқық береді.

Балық қорын қорғау органдары су қоймаларында немесе оның жекелеген учаскелерінде лицензиялар бойынша су жануарларын аулауды және су өсімдіктерін жинауды ұйымдастырады.

Балық аулаушының картасы және лицензиясы ерекше есеп беру бланкілері болып табылады, лауазымды адамның қолы қойылып, балық қорғау органының мөрімен куәландырылады.

3.1. Азаматтар әуесқойлық және спорттық балық аулау мәселелерімен шұғылданатын мемлекеттік балық қорғау органдарында, аң және балық аулау қоғамдарында және басқа мекемелерде "Балық аулаушының картасы" және лицензиясын алуға міндетті. Биокорларды пайдалану үшін берілген, ақысы

төленген құжаттарды әрдайым балық аулауға барғанда өзімен бірге алып жүруге  
т и і с т і .

3.2. Балық аулаушының Картасы және лицензиясы онда белгіленген мерзімге дейін жарамды, мерзімі біткен соң алынған жерге 15 күннің ішінде қайтарылады. Жоғалған немесе қабылданбаған жағдайда олардың құны төленбейді және олар қ а й т а д а н ж а ң а р т ы л м а й д ы .

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды көбейтуге, басқа адамдарға беруге және олардың күші жүретін жерлерден тыс қолданылуына тыйым салынады.

3.3. Ауланған балықтың, су жануарлары мен өсімдіктердің санын балық аулаушының Картасында және лицензиясында мемлекеттік немесе қоғамдық балық инспекторлары тіркейді, ал олар жоқ болған жағдайда балық аулаушы өзі ж а з а д ы .

Балық, су жануарлары мен өсімдіктерін аулау орнынан алып кетер алдында Балық аулаушы картасы мен лицензиясында олардың саны тіркелмеген немесе нормасы артық болған жағдайда тәртіп бұзушы заңды түрде жауапқа тартылады, балық а у л а у қ ұ қ ы н а н а й ы р ы л а д ы .

3.4. Лицензия арқылы ауланатын балық түрлері: қортпа, пілмай, шоқыр, сүйрік, бекіре және бекіренің будандастырылғандары, бахтан, хариус, ақ амур, доңмаңдай, көкшұбар, көкшарбы, пайдабалық, жалғанкөз-глосса, буфалло, сазан.

4. Азаматтар су айдындарында немесе бассейндерде пайдаланылып жүрген балық аулау Ережелерін міндетті түрде білуі және қолдануы керек.

Балық аулау ережелерін білмегендік, тәртіп бұзушы жауапкершілігінен б о с а т п а й д ы .

Балық аулау ережелерімен әуесқойлық және спорттық балық аулау мәселелерімен шұғылданатын мемлекеттік балық қорғау органдарында, аң және балық аулау қоғамдарында және басқа мекемелерде танысуға болады.

5. Азаматтар мына төмендегілерге міндетті:

5.1. Суларда санитарлық тазалықты сақтап, су жағасында, мұзда қоқыс, қалдықтарын тастамау және суларды ластамауды қадағалауға;

5.2. Су айдындарында және балық аулау спорттық базаларда, қоғамдық тәртіпті бұзбау, мемлекеттік инспекторларға Ережені бұзушыларды ұстауға көмектесуге және жауапқа тартуға;

5.3. Жағалаудағы жасыл желкендерді (көшеттерді) сақтауға;

5.4. Жағалауда орнатылған көрсеткіштерді, қалқан мен аншлангтарды, тағы басқа белгілерді бүлдіруден сақтауға;

5.5. Рұқсатсыз ауланған балықты қайтадан суға жіберуге;

6. Балық қорын қорғау органдарына, белгіленген тәртіп бойынша мынадай қ ұ қ ы қ б е р і л е д і :

6.1. Жалпы тыйым салынатын кезеннің ұзақтығын өзгертпей, ғылыми балық шаруашылық мекемелерінің келісуімен, әуесқойлық және спорттық балық аулауға тыйым салуды гидрометеорологиялық жағдайға байланысты он күнге не ары, не бері ауыстыруға;

6.2. Аңшылар мен балық аулау қоғамдарына, сондай-ақ әуесқойлық және спорттық тұрғыдан балық пен су жануарларын аулау мәселелерімен айналысатын ұйымдарға қажетті жағдайларда балық қорғау органдарының бақылауымен мұз астындағы су қоймаларынан кәсіптік құралдармен балық аулауға, ауланған балықты басқа су қоймаларына жіберуге немесе сауда жүйесіне тапсыруға рұқсат береді.

6.3. Әуесқойлық және спорттық балық аулауға тыйым салынған кезеңдерде лицензиялар бойынша балық аулау мақсатына қолданылатын аулар санын жергілікті атқарушы органдармен келісіп белгілеуге рұқсат етіледі.

6.4. Балық аулауға толық немесе учаскелер бойынша бөлшектеп тыйым салуды ұйғару әуесқойлық және спорттық балық аулау балық шаруашылық ғылыми зерттеу және малдәрігерлік қызмет органдарының келісуімен жүзеге асырылады.

6.5. Балық шаруашылық ғылыми зерттеу мекемелерінің келісуімен балық өсірілетін салалардың шекаралары және қыстайтын шұңқырлары анықталады.

6.6. Жергілікті атқарушы үкімет органдарының келісуімен шағын өлшемді флоттың қозғалысына тыйым салу немесе шектеу көзделеді.

6.7. Мемлекеттік және қоғамдық балық қорғау инспекторларын көтермелеу үшін оларға Ережені сақтай отырып, балық аулауға рұқсат етіледі.

6.8. Әуесқойлық және спорттық тұрғыдан балық ауланатын су айдындарды немесе су учаскелерін анықтау, белгіленген тәртіп бойынша аң және балық аулау қоғамдарымен бірлесе, жүзеге асырылады.

Келісім шарттарының жүйелі түрінде орындалмаған жағдайында, мәдени балық шаруашылықты ұйымдастыру және әрі қарай оны қолдану мүмкін болмай қалған жағдайда, балық қорғау органдары бұл шарттарды біржақты бұза алады.

## 7. Мыналарға тыйым салынады:

7.1. Балық қорғау органдарының рұқсатынсыз су қоймаларына балықтың жаңа түрлерін жіберу.

7.2. Балық қорғау органдарының рұқсатынсыз жаңа аулар мен балық аулау құралдарын балық аулау Ережелерінде көрсетілмеген бассейндер мен суларда қолдану.

7.3. Балық аулау жарыстарын балық ұрық шашу кезеңінде өткізу.

7.4. Су айдындарында немесе жағалауларда рұқсат етілмейтін балық аулау құралдарын пайдалану және жарылатын, уландыратын заттарды қолдану.

7.5. Су айдындарында және жағалауда транспорт көліктерін жуу (автомобиль,

мотоцикл, өздігінен жүретін шасси, т.б.) және су айдындардың гидрологиялық және гидрохимиялық режимдеріне кері әсер ететін жұмыстарын жүргізу.

7.6. Балық аулауға рұқсат етілмейтін орындарда жүзу құралдарын тоқтату, өте қажет жағдайлардан басқа (дауыл, тұман, апат, т.б.) және тұрғын ауылдардың қ а с ы н д а .

7.7. Су айдындарында немесе жақын араларда белгілі уақытта және белгіленген жерлерде аулауға болмайтын балық түрлерін, теңіз сүтқоректілерін және су омыртқасыздарын өзімен бірге алып жүру.

7.8. Балықтарды судың астында гарпун және гарпун мылтықтарын, акваланг және басқа автономиялы демалу құралдарын қолданып, балық қорғау органдарының сондай мақсаттарға арналмаған учаскелерде аулау.

7.9. Бағалы балық түрлерін, уылдырықты, теңіз сүтқоректілерді, су омыртқасыздарды және өсімдіктерді, заңсыз балық аулағаны үшін және жойғаны , зиян келтіргені үшін азаматтарды заң жүзінде жауапқа тарту көзделген ( белгіленген бағалар бойынша) түрлерін сатып алу және сату.

7.10. 8 см-ден кіші шаяндарды аулау (аулау ұзындығы көздің ортасынан бастап, кұйрық пластинкасына дейін өлшенеді).

## 8. Балық аулауға рұқсат етілмейді:

8.1. Балық аулау Ережесінде рұқсат етілмеген мерзімдерде және орындарда белгіленген бассейндерде және топтарда.

8.2. Жарылатын және уландыратын заттарды, электроток, шаншатын аулау құралдары, оқ ататын немесе пневматикалық мылтықтарды, басқа да рұқсат етілмейтін аулау құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

8.3. Көлдерді өзара және негізгі өзенмен жалғастыратын ағыстар мен өзектерде аулау жұмысын жүргізуге болмайды.

8.4. Арнай рұқсат болғанға дейін жаңадан іске қосылған су қоймаларында, су айдындарында балық аулауға тыйым салынады.

8.5. Тіркелмеген, сондай-ақ сыртында анық нөмірі жоқ жүзу құралдарымен және оларды жүргізу құқығы жоқ болса, балық аулауға рұқсат етілмейді.

8.6. Балық аулау учаскелерінде (жылым тарту, ау құру орындарында) балық а у л а у .

8.7. Магистралді каналдарда, мелиоративтік жүйелерді, жылу орталықтары және электрстанциялар орналасқан жерлерде балық аулау жұмыстарын жүргізу.

8.8. Өзеннің және каналдың суға құйяр аузынан екі қапталына қарай қашықтығы 500 метр, судың жоғарғы жағында қарай 500 метр. Өзеннің немесе каналдың құйяр аузынан өзен бойлап (жоғары) 1500 метр және бөгеттерге, блюзге, көпірге жақын 500 метр балық аулау.

8.9. Балық қорғау органының рұқсатынсыз жаңадан шыққан құралдарды және әдістерді пайдалануға болмайды.

9. Қазақстан Республикасының су қоймаларында балық қорына келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшері және балық аулау мен балық қорын сақтау жөніндегі Ережелерді бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту.

9.1. Балық қорына зиян келтіргені, заңсыз балық аулағаны немесе балықтың, теңіз сүтқоректілерінің, балдырлардың және өзен омыртқасыздарының бағалы түрлерін жойғаны үшін тәртіп бұзушылар белгіленген тәртіп бойынша жауапқа тартылады, және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің N 889 15 қыркүйек 1993 ж. Жарлығы бойынша оларға мынадай айып салынады.

**Балықтың, теңіз сүтқоректілерінің және су омыртқасыздарының бағалы түрлерін заңсыз аулағаны, ұстағаны және жойғаны үшін өндіріліп алынатын өтемдердің М ө л ш е р і**

Балық, теңіз сүтқоректілері және су омыртқасыздарының түрлері ! Әрбіреуі үшін материалдық шы. ! ғын өндіріліп алынатын ставка ! ның мөлшері (ең аз еңбекақы ! б о й ы н ш а )

1 !  
2

Қ о р т п а	2 2
П і л м а й	1 5
Б е к і р е , ш о қ ы р	1 0
С ү й р і к б е к і р е б у д а н д а р ы , к а с п и й а л б ы р т ы ,	
с ы л а н , т а й м е н ь	3
А р а л а л б ы р т ы , с ы р д а р и я л ы қ ж а у ы р ы н д ы қ ,	
ш о р т а н т е к т е с а қ м а р қ а ( Қ ы з ы л к і т а п т а н )	6
М а й қ а п ( ү с к і ш ) , л а х а , х а р и у с , т а б а н , б а х т а н ,	
а р а л қ а я з ы , қ а р а ж а л м а й ш а б а қ	2
С а з а н , т ұ қ ы , а қ а м у р , д о ң м а ң д а й , д о л ғ ы н	
м а й ш а б а ғ ы	1 , 5
А қ с а қ а , к ө к ш ұ б а р , к ө к ш а р б ы , п а й д а б а л ы қ ,	
т і к е н б а л ы қ , а қ қ а й р а н , т ұ р п а , ш а р м а й ,	
ж а л ғ ы з к ө з - г л о с с а , ж а й ы н , а қ м а р қ а	1
Т а б а н , м ө ң к е , о ң ғ а қ , а қ т ұ қ ы , қ ы л ы ш б а л ы қ ,	
т о р т а , қ а р а қ ө з , т а р а қ б а л ы қ , а й н а қ ө з ,	
қ ы з ы л қ а н а т , ш о р т а н , к ө к с е р к е , ж ы л а н б а с , ш е р м і р ,	
ж ы л а н б а л ы қ	0 , 5
К ө к б а с , қ ы з ы л к ө з , б е р і ш , а л а б ұ ғ а , ш е м е й ,	

м а й б а л ы қ 0 , 1  
 Ш а я н 0 , 1  
 Салин артемиясы, майда шаян және басқа су  
 о м ы р т қ а с ы з д а р ы 2  
 Каспий итбалығы 100

Ескерту: Албырт, ақсақа балықтарының, ақмарқа мен шорттанның уылдырығын заңсыз дайындаудан келген шығын сол дайындалған уылдырықтың жоғарғы сорты есебінде нарық бағасымен есептеліп, үш есе мөлшердегі, ал бекіре уылдырығы үшін он есе мөлшердегі құны өндіріліп алынады.

9.2. Балық қорғау заңдылығын бұзған азаматтарға балық қорғау органдары әкімшілік тұрғыда Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мөлшерде а й ы п с а л ы н а д ы .

10. Балық аулау құралдарын судан шығарып алу, Ережелерді бұзғаны жағдайда қолданылады, және тартып алынған балық аулау құралдарын жеткізу, сүзу құралдарын және ауланған балықты, су жануарлары мен өсімдіктерді тапсыру орнына тәртіп бұзушы балық қорғау органдарының қызметкерлерінің а й т у ы б о й ы н ш а а п а р а д ы .

1 1 . Р ұ қ с а т е т і л е д і :

11.1. Балық қорғау органдарының келісімімен барлық алу құралдарын түрлерімен бақылауға жатпайтын балық түрлері: таутан, гольян, быстрянка, амур чебачек, амур лжепескарь, пескарь, гольян-губач, кәдімгі голец, губач, элиотрис, гаммарус, әуесқойлық және спорттық мақсаттарға балық жемі ретінде ауланады.

11.2. Жаңадан ауланған, тұздалған, ысталған, қақталған түрінде балық аулау орнынан тасымалдау үшін белгіленген балық мөлшері екі күндік нормадан аспайтын, балық аулау картасында немесе лицензияда көрсетілгендей болуы шарт.

Қазақстан Республикасының  
 Экология және Биоресурстар  
 Министрлігі  
 Қазбалыққорғау бас басқармасы

лицензияны берген балық қорғау мекемесінің аты)

лицензияны берген қызметкердің аты-жөні, атқаратын қызметі

Т ү б і р ш е к

Лицензияға

N

балық

алау

құқығына

Лицензияның құны

т.

( ж а з б а т ү р . )

Азамат \_\_\_\_\_  
(фамилиясы, аты, әкесінің аты лицензияны сатып алғ.)

\_\_\_\_\_ кім берген құжаттың, құжат, нөмірі, толтырылған күні)  
Балық аулауға рұқсат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (су айдыны, учаскесі)  
\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін  
Қолданылған ау-құралдар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (түрлерін атап, санын көрсету)  
Балық аулау құқығы \_\_\_\_\_  
(балықтың түрін атап, санын көрсет)

Табиғат байлығын пайдаланғаны үшін ақысын төледім \_\_\_\_\_  
(жазба түр.)

\_\_\_\_\_ т е ң ғ е  
" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199 \_\_\_\_\_ ж.  
(ақысын төлеген күні)

Лицензияны берген күні \_\_\_\_\_  
Лицензияны алдым, балық аулау шарттарымен таныстым \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Экология және Биоресурстар  
Министрлігі  
Қазбалыққорғау бас басқармасы

\_\_\_\_\_ (лицензияны берген балық қорғау мекемесінің аты)

лицензияны берген қызметкердің аты-жөні, атқаратын қызметі

Лицензия N \_\_\_\_\_  
бағалы балық түрлерін аулау құқығына  
Лицензияның құны \_\_\_\_\_ т.  
(жазба түрде)

Азамат \_\_\_\_\_  
(фамилиясы, аты, әкесінің аты лицензияны сатып алғанның)

\_\_\_\_\_ кім берген құжат, оның нөмірі, толтырылған күні)  
Балық аулауға рұқсат \_\_\_\_\_

(су айдыны, учаскесі)  
\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін  
Қолданылған ау-құралдар \_\_\_\_\_  
(түрлерін атап, санын көрсету)

Балық аулау құқығы \_\_\_\_\_  
(балықтың  
\_\_\_\_\_  
(түрін атап, санын көрсет)  
Табиғат байлығын пайдаланғаны үшін ақысы төледім \_\_\_\_\_  
(жазба түр.)

\_\_\_\_\_ т е ң г е  
" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199\_\_ ж.  
(ақысы төлеген күні)  
Лицензияны берген күні \_\_\_\_\_  
Қолы \_\_\_\_\_  
(лицензияны берген қызметкер)

М.О.

### **Су айдындарындағы биоқорларды пайдаланушының Нұсқауы**

1. Биоқорларды пайдалану Картасы әрқашан иесінде болуға тиісті, оны табиғат және құқық қорғау қызметкерлерінің талап еткен жағдайда көрсетуге т и і с .

2. Биоқорларды пайдалану Картасы тіркелу нөмірі, балық қорғау мекемесінің мөрі, "құны төленді" деген белгісі бар жағдайда ғана күшіне енеді.

3. Алушының Картаны басқа адамға беруге қақысы жоқ.

4. Өздігінен Картаның көшірмесін немесе түпнұсқасын дайындауға қақысы ж о қ .

5. Балық аулаушы әрқашан балық аулауға барған сайын 2 таблицадағы аулаған балықтары және қолданылған ау-құралдары деген бағаналарға сәйкес деректерді енгізуге міндетті. Деректер жазылмаса немесе таблицаға түзетулер енгізілсе, онда балық аулау Ережелері бойынша Картасы өз күшін жояды, осыған с ә й к е с о л и е с і н е н а л ы н а д ы .

6. Балық аулау Ережесін бұзған азамат (биоқорларды пайдалану) белгіленген тәртіп бойынша табиғат қорғау заңдылығына сәйкес жауап береді.

7. Мерзімі біткен биоқорларды пайдалану Картасы бір ай аралығында балық қорғау органдарына қайтарылуға тиісті.



Министрлігі  
Қазбалыққорғау бас басқармасы

**Су айдындарының биоқорларын  
пайдаланушының картасы**

Фамилиясы \_\_\_\_\_  
Аты \_\_\_\_\_  
Әкесінің аты \_\_\_\_\_  
Туған жылы \_\_\_\_\_  
Мекен-жайы \_\_\_\_\_  
Телефондар \_\_\_\_\_ (үй) \_\_\_\_\_ (жұмыс)

Тапсырма - Міндеттеме

Алушы балық аулау Ережесімен және биоқорларды пайдалану  
Картасын толтыру шарттарымен танысты

Қолы \_\_\_\_\_

Биоқорларды пайдалану Картасының өкілеттік мерзімі:  
" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199\_\_ ж.-нан " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199\_\_ ж. дейін  
Балық аулау учаскесінің шекарасы: \_\_\_\_\_

Балық аулау Картасын берген \_\_\_\_\_  
(мекеме, аты-жөні, атқаратын қызметі)

Қолы \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199\_\_ ж.  
(берілген күні)

1. Қазақстан Республикасының су айдындарындағы биоқорларды  
п а й д а л а н у :

Күні (ақысы төлену ! Ақысы төлену мөрі ! Мемлекеттік инспектордың  
мерзімінің уақыты ! (жалпы сомасы теңге ! қолы  
! м е н ) !

1 ! 2 ! 3

2. Әрбір балық аулауға шыққан кездегі ауланған балық пен су жануарлары туралы мәлімет:

Күні, су айдыны !Балық, су жануарлары! Аулау мөлшері ! Балық аулауданың, учаскенің !нының, өсімдіктердің! -----! қолданылған аты !түрлері ! саны ! салмағы!ау-құралдардың ! кг ! аттары мен ! с а н ы

1	!	2	!	3	!	4	!	5
	!		!		!		!	!
	!		!		!		!	!
	!		!		!		!	!
	!		!		!		!	!

3. Биоқорлардың пайдалану Ережелерін бұзғаны туралы балық қорғау органдарының жазған белгілері.

Биоқорларды пайдалану бағасын (құны)			
Қазақстан Республикасы азаматтары үшін	К О Д	Шетел азаматтары үшін	К О Д
01 ! 3 күнге _____т.	!	11 ! 3 күнге _____	
02 ! 6 күнге _____т.	!	12 ! 6 күнге _____	
03 ! 12 күнге _____т.	!	13 ! 12 күнге _____	
04 ! 1 айға _____т.	!	14 ! 1 айға _____	
05 ! 3 айға _____т.	!	15 ! 3 айға _____	
06 ! Маусымдық _____т.	!	16 ! Маусымдық _____	

